

ӨОЖ 343.1

Н.Б. Мергембаева

Сезікті мен айыпталушыдан жауап алу тактикасына қатысты либерализация мен гуманизацияның кейбір аспектілерінің мәселелері

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

Аннотация. Бұл мақалада автор сезікті мен айыпталушыдан жауап алу тактикасына қатысты либерализация мен гуманизацияның кейбір аспектілерінің мәселелерің қарастырған.

Түйін сөздер: сезікті, айыпталушы, жауап алу тактикасы, либерализация, гуманизация, тактикалық тәсілдер, тергеу этикасы.

Жалпы либерализация дегеніміз бұл мемлекеттік бақылаудағы шектеулерді экономикалық субъектілерге қатысты әлсіздендіру немесе алып тастауды білдіреді.

Гуманизм ұғымына қатысты ғылымда бір-келкі ұстанатын ой-пікірлер жоқ. Бірқатар бағыттар бойынша ол моральдың сипаттамасын білдіреді, ал философиялық сөздіктерде ол адамдардың құқықтарына, қадір-қасиеттеріне сыйластылықты білдіреді.

Этика бойынша сөздіктерінде гуманизм адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға қатысты ұғымдармен байланыстырады.

Жоғарыдағы мәселелерді қорытындылай отырып, жалпы либерализация мен гуманизацияны құқықтық қоғам құруға бағытталған саясатпен байланыстырамыз. Әрине қылмыстық құқықтық саясат шегінде бұл мәселелер адамдардың құқықтарын, бостандықтарын және ар намысы мен абыройына қол сұғушылықтың орын алмауына бағытталған.

Аталған тұжырымдар барлық жағдайда орын таппайды, әсіресе мұндай кемшіліктер тәжірибиеде жиі орын алды. Қылмыстық істерді тергеу барысында, оның ішінде алуан түрлі тергеу әрекеттерін жүргізу барысында адамдардың қарапайым Конституциялық құқықтары мен бостандықтары бұзылады.

Аталған мәселе бойынша негізгі зерттеу объектісі ретінде сезіктілер мен айыпталушылардан жауап алу тактикасын алып отырмыз, өйткені бұл бірнеше себептер мен жағдайларға байланысты:

жауап алу бұл кез келген уақытта орын алатын алғашқы тергеу әрекеттерінің бірі және ең алдымен тергеуші мен сезікті, айыпталушы

арасындағы қарым-қатынас немесе басқаша айтқанда тергеуші аталған тұлғалармен тікелей контактіге түсу барысын айтамыз;

тергеуші сезіктімен (айыпталушымен) жауап алуы өте жиі қайшылықты жағдайда өтеді (куә, жәбірленушімен салыстырғанда);

сезікті мен айыпкер жауап беруден бас тарта алады және жалған жауап бергені үшін немесе мүлдем жауап бермегені үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылмайды ҚДЖК-нің 214 бап.

Аталған мәселелер тергеуші үшін аталған тұлғалардан жауап алу процесін күрделендіреді. Яғни, тергеліп отырған қылмысқа қатысты ақпараттарды алу мәселесін қиындатады.

Осыған байланысты Кеңес Одағы кезіндегі ҚДЖК-нің тарихына тоқталайық, атап айтсақ 30–50-жж. ҚДЖК де кінәсіздік презумпция түгел, оған ұқсас нормалардың болмауы, кеңес мемлекетінің адамдардың құқықтарына қысымшылық жасағандығын дәлелдейді, осындай идеологияға қатысты криминалистика ғылымы да дами бастады. Жауап алудың криминалистік тактикасы айыпкердің кінәні мойындауға бағытталған.

1960 жылдары ҚДЖКге «сезікті» деп аталатын процессуалдық тұлға пайда болды, бірақ криминалистика 1923 жылғы ҚДЖК ке ұқсас айыпкер мен сезіктіден жауап алуға қатысты тактикалық тәсілдер қолдана берді. Осы жылғы ҚДЖК-нің алғашқы редакциясында кінәсіздік презумпциясы нормалары орын алмаған. Бұл норма кейіннен пайда болды.

ҚР ҚДЖК-нің 19-бабында кінәсіздік презумпциясы көзделген, яғни «ешкім өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес». Бұл айыпталушы органның міндеті. Қазіргі таңда да

ҚІЖЗ-ның құрылымын «ретроспективті» бағытта қабылдайды. Яғни, іздер табылады, оларға дәлелдемелік мәртебе береді, солардың негізінде айып тағылады. Осыдан соң айыпкерден жауап алу процесі басталады. Криминалистика да криминалистік қызметтің маңызын «ретроспективті» түрде қабылдайды: ең алдымен қылмыстың нәтижесі ретіндегі іздер, содан соң қылмысты жасаудың әдісі, кейін қылмыс субъектісінің ниеті мен мақсатын анықтай отырып, айыпкерді өз кінәсін мойындауға түрткі етеді.

1960 жылдары қабылдаған ҚІЖК-ке қатысты П. М. Давыдовпен мынадай пікірі өте дұрыс айтылған: «тұлғаны айыпкер ретінде іске тарту барысында тергеу органдары оған қалыптасқан айыпқа қатысты жауап беру құқығын береді».

Әлі күнге дейін жауап алудың тактикалық міндеттері айыпкердің айыпталуға қатыстылығын анықтауға бағытталған. Мәселен, криминалистика оқулықтарының көпшілігінде айыпталушыдан жауап алу тек оның өз кінәсін мойындатуға бағытталған. Ал шын мәнінде кез келген тактикалық міндет дәлелдеу базасын ұлғайтуға бағытталуы керек, яғни істің ақиқаттылығын анықтау.

Ендігі кезекте сезікті мен айыпталушыдан жауап алудың кейбір тактикалық мәселелеріне көңіл бөлейік. Жалпы олардан жауап алу тәртібі бір-біріне ұқсас, айырмашылығы тек процессуалдық мәнінде жатыр. Сезіктіден жауап алудың тәртібі ҚІЖК-нің 132-138 бб. көзделген, ал айыпталушыдан жауап алудың процессуалдық жағдайы ҚІЖК-нің 206-209, 212, 213, 217-219 бб. көзделген.

Сезіктіден жауап алудың келесі тактикалық тәсілдері әдебиеттерде әдетте орын алады, олар: қылмысқа қатысты білетін ақпараттарды қарапайым жай әңгіме ретінде айту (свободный рассказ); психологиялық контакт орнату; көрсетпелерді нақтылау мен детальдау; дәлелдемелерді өсу бағытына қарай ұсыну; өз еркімен кінәсін мойындауға түрткі ету, осы арқылы оның қылмыстық жауапкершілігін жеңілдететіндігін түсіндіру;

тергеушінің жауап алушының кінәлігін дәлелдейтін заттар бар екендігін туралы көрсету; кенеттен тікелей сұрақ қою (лобовой вопрос) т.с.с.

Айыпталушыдан жауап алудың тактикасы да осыған ұқсас және тергеу органдарымен көбінесе қайшылық жағдайда өтеді. Тек кейбір

ерекшеліктерімен өзгешеленуі әдебиеттерде орын алады, атап айтсақ: жауап алу жоспарын дайындауға біршама уақыттың болуы, айыпталушының кінәлігіне қатысты дәлелдемелердің толық болуы, алдын ала тергеу кезінде айыпкермен психологиялық контакт орнатқандығы, алдында берген жауаптарының тексерілуі т.с.с.

Сондықтан сезіктіден алынбаған, қосымша тексерісті қажет ететін, алдын ала тергеу кезінде алынған ақпараттарды мұқият тексеруге қатысты мәселелерді айыпкерден жауап алу кезінде тергеуші анықтау қажет.

Осыған қатысты сезіктіден жауап алудың тактикалық міндеттері айыпкерден жауап алу тактикалық міндеттерінен өзара ерекшеленуі қажет. Осыдан айыпкерден жауап алу тактикасының мазмұны өзара өзгереді.

Жоғарыдағы мәселелерді талқылай отырып, келесі қорытындыға келуге болады, яғни айыпкерден жауап алу барысында тактикалық тәсілдерді оның кінәсін мойындатуға бағыттамау, ал оның құқықтық белсенділігін арттыру қажет, өйткені кез келген тергеу тактикасының міндеті осында болу қажет.

Кейбір тактикалық тәсілдерді қолдану кезінде тәжірибиеде мынадай кемшіліктер орын алады, мәселен көрсетпелерді нақтылау мен детальдау тәсілін қолдану барысында тергеушілер сезіктілер мен айыпкердің жауаптарын сұраққа айналдырады (наводящий вопрос). Мысалы, сізге жолды өтіп бара жатқан адамды көруге не кедергі болды? Сезіктінің жолды өтіп бара жатқан адам мас күйінде жолға ойламаған жерден пайда болуы туралы түсіндірмесін тыңдамай, қайтадан сізге жолды өтіп бара жатқан адамды көруге не кедергі болды? деп бірнеше рет сұрақ қойғаннан кейін, сезіктінің еріксізден жауабы «ештене» деп айтуы хаттамаға түседі. Ал, заңда аталған сұрақтарды қоюға тыйым салынатындығы біз үшін мәлім.

Жай әңгіме ретінде және айыпкерді өзіне тарту үшін оның жан-ұясы, жұмысы басқа да жеке өміріне қатысты сұрақтар қоя бастайды. Мұндай ақпарат кейбір жағдайларда ол адамға психологиялық қысым жасау мақсатында қолданылады. Мысалы, алғашқы жауап беру әрекеті аяқталғаннан кейін туыс тумалары оның ішінде аналары, жұбайлары кінәні мойындау туралы сұрай бастайды, өйткені оларға сезіктінің не айыпкердің жағдайлары кінәні мойындағаннан

кейін дұрысталуына тергеушінің уәде беруімен байланысты. Мұны да сезікті мен айыпкердің құқықтарына нұқсан келтіретін психологиялық маневрге жатқызуға болады.

Тергеушілердің жауап алушыларға қатысты қарапайым тактіні сақтамауы криминалистика ғылымы ұсынып отырған психологиялық тактикалық тәсілдерді қолайлы қолдануына кедергі жасайды.

Мәселен, сезікті мен айыпкерден жауап алу кезінде кеңінен қолданылатын алғашқы тактикалық тәсілдердің бірі психологиялық контактіні орнату болып табылады.

Психологиялық контакт дегеніміз адамдардың бір-бірімен сенімге кіру нәтижесіндегі ақпаратпен алмасу процесі орын алатын өзара қарым-қатынас жасауын айтамыз. Бұл контакт бірден пайда болмайды, олар бірнеше процедуранан тұратын ұғым: адамның сөйлеген сөзіне, жасаған қылықтарына эмоционалды баға беру және соның негізінде өзінің іс-әрекеттерінің жолын анықтап алу.

Психологияда әр адам басқа адамды тек өзінің сана-сезімінің дәрежесінің шегінде қабылдайды. Сондықтан ғалымдар тәжірибиелік қызметкерлерге жауап алуды жүргізген кезде асықпай жауап берушінің жауабын мұқият тындауы керектігін айтады.

Психологиялық контактіні орнату үшін тергеуші тергеулік тактіні сақтау қажет. Тергеу тактінің мазмұнын сөйлесіп отырған адамның арнамысына, қадір-қасиетіне құрметтеушілікпен қарауды айтамыз, іскерлік және эмоционалды қарым-қатынас үзіліссіз орын алу нәтижесінде психологиялық барьер жойылады.

Тергеушінің тәжірибесі барысында оның әңгімелесу стилі де қалыптасады. Мәселен, психологиялық әдебиеттерде бұл мәселе туралы ой-пікірлер көп. Атап айтсақ, Г.Г. Досболдың пікірінше, қарапайым бос стиль бойынша жауап берушіден жауап алу, бұл дегеніміз жауап алу барысында тергеуші жауап берушімен жай әңгімелесу нысанында өтеді. Мұндай стиль қайшылық жағдайда қолайсыз деп есептеледі, өйткені тергеуші қажет жағдайларда шешім шығару үшін өзінің әлсіздігін көрсетеді.

Келесі стиль ол тергеушінің жауап алушыға қатандығын көрсетуде жатыр. Мұндай жағдайда тергеуші жауап алушының индивидуалдық ерекшеліктеріне назар аудармайды, оны қайта-

қайта жауап беру барысында ойын бөліп, өзінің көкіректігін көрсетеді, сөйтіп тергеу қатысушылармен психологиялық контакт орнатуға кедергі жасайды. Аталған стильді кей жағдайда авторитарды стиль деп атайды. Авторитарды стиль жауап алу кезінде қолайлы, қажетті нәтиже бермеуі мүмкін.

Алдын ала тергеу кезінде ең қолайлы стиль психологтардың айтулары бойынша бос-авторитарлы немесе аралас стиль. Бұл тергеушінің кейбір жағдайларда белсенді болуын және бір уақытта сыпайы, өз өзін ұстай білетін, керек болған жағдайда жауап берушіні орнына қоя білетін, салмақты тұлғаны айтамыз.

Жоғарыдағыны қорытындылай келе, тергеуші сезікті, айыпкермен психологиялық контактіні орнату үшін аралас стильді тергеулік такт ретінде қолданғаны дұрысырақ.

Жауап алу кезінде қолданылатын психологиялық тактикалық тәсілдердің өзара қолдану шекаралары болу керек. Мысалы, сезікті мен айыпкерден жауап алу барысында тергеу немесе «психологиялық айла» деген тәсілдер қолданылады. Бұл тәсілдер адамдардың заңды құқықтарын бұзбау қажет, ар-намысына, қадір-қасиетіне нұқсан келтірмеу керек.

Тергеу этикасына сәйкес, тергеуші психологиялық әдіс-тәсілдерді адамдардың сана-сезімдерін белсендіру, моральдық қасиеттерін арттыру мақсаттарында қолдану қажет. Мәселен, тәжірибиеде тергеуші сезіктілер мен айыпкерлерге психологиялық әдіс-тәсілдерді қолдана тұра олардың теріс қасиеттерін атап айтсақ, эгоизмді, арамдықты белсендіреді.

Заң жауап берушілерге қатысты қол тигізушілік қысымдармен қатар, психологиялық қысымшылықтар жасауға да жол бермейді. Мысалы, тұлғаны қамауға алғаннан немесе ұстағаннан кейін (оларға әсер етуші шаралар ретінде) оларға қандай да бір жеңілдіктер жасауға уәде беретін тергеушілер кінәні мойындауға бағытталған жауаптарды алуға тырасады. Осындай жолмен алған жауаптарды бекіту мақсатында сезіктілер мен айыпкерлерден куәлардың қатысуымен олардан өз кінәларын мойындауын талап етеді, соған қатысты беттестіру т.с.с. қажеттілігі жоқ тергеу әрекеттерін жүргізеді. Мұның барлығы дәлелдемелік базаның көп екендігіне көз елестеушілік жасау үшін жасалады. Кез келген сезіктілер мен айыпкерлердің берген жауаптары басқа

да дәлелдемелермен тексерілуі қажет. Осындай әрекетке тергеушінің қызметі бағытталуы керек.

Тәжірибиеде тергеу аяласы алуан-түрлі қолданады, өйткені оны қолданудың нақты ережелері мен шекаралары әдебиеттерде біркелкі белгіленген жоқ. Жалпы аталған ұғымға қатысты әдебиеттерде біркелкі ой-пікірлер жоқ.

А.Н. Васильев пен Л.М. Карнееваның айтуынша: «тактикалық айла жауап берушінің психологиялық түрде қарусыз қалуын білдіреді».

А.М. Лариннің пікірінше: «тергеу аяласының мазмұны тергеушінің жауап берушілерді алдауында жатқан жоқ, ал дұрыс қолайлы түрде пайдалануында жатыр».

Аталған көзқарасты көптеген авторлар қолдайды. Шын мәнінде тергеу аяласы сезікті мен айыпкерлерді тергеушінің іске қатысты қандай ақпараттары бар екендігін білдірмеу және оларды тергеу үшін қолайлы қолдануын айтамыз.

Мұндай психологиялық әдіс-тәсілдерді қолдану адамдарды алдауға бағытталмаған, ал қылмыстық істі шешуге қолайлығымен ерекшеленеді.

Қорытындылай келе, жоғарыда аталған кез келген психологиялық әдіс-тәсілдер жауап алу процесінде кеңінен қолдануы моральдық, этикалық нормаларды бұзбай, адамдардың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтірмеуінде және қылмыстық істі шешу үшін қолайлы пайдалануында жатыр.

Жауап алу барысында сезіктілер мен айыпкерлерден кінәні мойындауға қатысты заңғатыйым салынатын әдіс-тәсілдері қолдану тәжірибиеде орын алады. Мәселен мұндай жағдайға «қинау» әрекеттері жатады. ҚР ҚК-нің 347-1-бабына сәйкес «тергеушінің, анықтауды жүргізуші адамның немесе өзге лауазымды адамның қиналушыдан немесе үшінші адамнан мәліметтер алу немесе мойындату, не оны ол жасаған немесе жасады деп күдік келтірген іс-әрекет үшін жазалау, сондай-ақ оны немесе үшінші адамды кез келген сипаттағы кемсітуге

негізделген кез келген себеп бойынша қорқыту немесе мәжбүр ету мақсатымен әдейі тән зардабын және психикалық зардап шектіруін айтамыз». ҚР Бас прокуратурасының жанындағы құқықтық статистика және арнайы есеп жүргізу Комитетінің мәліметтеріне қатысты 2010 жылы қинауға қатысты 13 қылмыстық із қозғалды. Тәжірибе көрсететіндей тергеуді заңсыз әдістерді қолдану арқылы жүргізуге қатысты қылмыстық істер қинау бабы бойынша емес, лауазымдық құзыреттілігін арттыру бабымен де қозғалады. Аталған жағдайлардың туындауы көптеген себептерге байланысты. Атап айтсақ, медициналық дәлелдемелердің орын алмауы (сот-медициналық сараптама тағайындау) арыз берушілердің арыздарына тексеру жүргізбеудің салдарынан олардың орын алуын жоққа шығару, тексеру барысында дәлелдемелерді дұрыс бағаламауында, мысалы тек полиция қызметкерлердің жауаптарын басшылыққа алып, ал куәлардың жауаптарына қажетті түрде назар аудармауында жатыр. Аталған кемшіліктер тергеуді тез, объективті және сапалы түрде тергеу қағидаларын әдетте бұзады.

Әдебиеттер

- 1 ҚР Конституциясы.
- 2 ҚР ҚІЖК 2010 ж. толықтырулар мен өзгертулермен.
- 3 ҚР Қылмыстық Кодексі 1997 ж. 16 шілде. 11.01.2011 ж. өзгертулер мен толықтырулар.
- 4 Давыдов П.М. Обвинение в советском уголовном процессе: дис. ... д-ра юрид. наук. – Свердловск, 1973. – С. 294.
- 5 Курс криминалистики: учебник / под ред Р.С. Белкин. – М.
- 6 Криминалистика / под общ. ред. Нургалиева. – Караганда, 2009 .
- 7 Досбол Г.Г. Психология предварительного расследования. – Алматы, 2000.

Н.Б. Мергембаева

Проблемы некоторые аспектов либерализации и гуманизации при тактике допроса подозреваемого и обвиняемого

В данной статье автор рассматривает некоторые аспекты либерализации и гуманизации при тактическом приёме ведения допросов подозреваемого и обвиняемого.

N.B. Mergenbaeva

Problems some the aspects of liberalization and humanizing at tactics of interrogation suspected and accused

In this article the author examines some aspects of liberalization and humanization in the tactics of interrogation of suspects and accused.